

«Тереңкөл ауданының аграрлық–техникалық колледжі» КМҚК

БЕКІТЕМІН

Педагогикалық кеңес төрағасы

Габидулин Р.М.

« 05 » қаңтар 2020 ж



Білім алушының ар-намыс кодексі

Педагогикалық кеңес отырысында қаралды

№ 28 хаттама / « 05 » қаңтар 2020 ж

Біз, «Тереңкөл ауданының аграрлық–техникалық колледжі» КМҚК (бұдан әрі Колледж) оқушылары, елдің индустриялық – инновациялық дамуына бағытталған Колледждің табысты кәсіби құзыретті мамандарды дайындау бойынша миссиясын жүзеге асырудағы өз жауапкершілігімізді сезініп; Колледжде білім алушылар, оқытушылар құрамы, оқу орнының әкімшілігі арасындағы демократиялық қарым-қатынасты жетілдіруге және Колледж беделін сақтауға ұмтыла және этика ережелерін сақтауды міндет деп есептей отырып, осы білім алушылардың ар-намыс Кодексін (бұдан әрі - Кодекс) қабылдаймыз және қатаң сақтауға міндеттенеміз

Ар-намыс кодексі – бұл студенттердің колледж қабырғасында және одан тыс жерлердегі өзіндік мінез-құлық ережелер жиынтығы.

Білім алушылардың ар-намыс Кодексін қабылдай отырып, біз, осы Кодексті нақтылау және толықтыру табиғи құқығын ұстануды қалдырамыз.

Осы Кодекстің күші мамандық пен оқыту нысанына қарамастан, «Тереңкөл ауданының аграрлық–техникалық колледжі» КМҚК студентті болып табылатын әр адамға қатысты.

Білім алушылардың ар-намыс Кодексі қабылдай отырып, «Тереңкөл ауданының аграрлық–техникалық колледжі» КМҚК, міндетті:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясын және қолданыстағы заңнамасын, «Тереңкөл ауданының аграрлық–техникалық колледжі» КМҚК Жарғысын, Ішкі тәртіп ережелерін және Колледждің басқа да нормативтік актілерін сақтаға.

2. Қазақстан Республикасының лайықты азаматы және таңдаған мамандық бойынша кәсіби маман болуға, сондай-ақ білімді толықтыру үшін және мамандық бойынша тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру үшін колледж ұсынатын барлық мүмкіндіктерді пайдалануға.

3. Колледж имиджін сақтауға, бағалауға және оның дәстүрлерін құрметтеуге.

4. Белсенді, шығармашыл тұлғаны дамытуға және өзін-өзі дамытуға бағытталған және корпоративтік мәдениетін арттыруға және колледж беделін жоғарылатуға жәрдемдесетін әртүрлі қызметін қажетті және пайдалы етіп тануға.

5. Салауатты өмір салтын сақтауға және насихаттауға.

6. Басқа білім алушылармен, оқытушылармен, өндірістік оқыту шеберлерімен, Колледж қызметкерлері мен әкімшілігімен қарым-қатынаста сыпайылық, құрметтілік және ұқыптылық танытуға.

7. Жыныстық, ұлттық немесе діни белгілері бойынша кемсіту көріністеріне жол бермеуге.

8. Әлеуметтік белсенділіктің әртүрлі түрлерімен: акциялар мен жобалармен, тұрғындардың әр түрлі топтарына көмек көрсету және қолдаум, әлеуметтік – мәдени, ақпараттық – ағартушылық, спорттық іс-шараларды дайындау және өткізу жұмыстарымен таныстыру арқылы студенттердің әлеуметтік өзін-өзі жетілдіру бойынша колледждің еріктілер қозғалыс жұмысына қатысуға.

9. Колледждің мүлігін, оның ішінде кітапханалық-ақпараттық ресурстарды, тренажерлар мен макеттерді, оқу құрал-жабдықтарды, аспаптар мен мүкәммалды сақтау бойынша қамқорлық көрсету, аудиторияларда, шеберханаларда, зертханаларда, колледжге жататын аумақтарда тазалық пен тәртіпті сақтауға және вандализм көрсетуге жол бермеуге

10. Оқыту үрдісінде әділетсіздікті, салақтық пен арам ниеттілікті болымсыз есептегенде оқуға және білімді бақылаудың барлық нысандарына адал қарауға.

11. Оқу міндеттерді қатаң қарауға, этикалық, академиялық және құқықтық бұзушылыққа, соның ішінде: сабақты себепсіз босатуға, кешігуге, оқытушыны алдауға және оны сыйламауға, оқу сабақтары кезінде тәртіпті бұзуға, неғұрлым жоғары баға алу үшін туыстық және басқа байланыстарды пайдалануға жол бермеуге.

12. Колледжде барлық сыбайлас жемқорлық көріністермен белсенді күрнсуге.

13. Білім алушының дресс-кодын сақтауға: киімде іскер стильді, төменгі жағы және үсті бір түсті, қара түсті – күнделікті нысанды киім, үсті ақ және төменгі жағы қара – салтанатты киім, спорттық киімді тек дене шынықтыру сабағында кию. Студенттер сырт киімдерін гардеробқа тапсырады. Сырт киіммен аудиторияларға, шеберханаларға, зертханаларға, асханаға кіруге жол берілмейді.

14. Сабақ уақытында, жиналыстарда, іс-шараларда ұялы телефонды/электронды құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады, тек оларды оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану қарастырылған жағдайлардан басқа. Шұғыл қажеттілік болған жағдайда ұялы телефонды оқу үрдісін бұзбай, оқу кабинеттерден тыс байланыс құралы сияқты қолдануға болады. Телефон мен басқа да электронды құрылғыларды сақталуына жауапкершілік тек оның иесіне (ата-анасына, иесінің заңды өкілдеріне) ғана жатады.

15. Колледж қабырғасынан тыс Тереңкөл ауданының аграрлық-техникалық колледжінің абыройы мен қадір-қасиетін түсіріп алмауы үшін оның өкілдері болып табылатынын әрқашан ұмытпау тиіс.

16. Осы Кодекстің бұзылуын байқаған кезде, оны өз күшімен жолын кесуге немесе бұл туралы колледждің студенттік кеңесіне, әкімшілігіне хабарлауға міндетті.